


ТАУРА



№ 16 (46340)
СРЕДА,
12 апреля
2006 года

Издаётся с 1 мая 1963 года

ГАЗЕТА ИЗДАЕТСЯ ПРИ ФИНАНСОВОЙ ПОДДЕРЖКЕ АКИМАТА И МАСШТАБНОМУ НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОМУ ЦЕНТРУ НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОГО РАЙОНА

ЦЕНА "СВОБОДНАЯ"

ЕЛ МЕЖЖЕСІ – ЕДУДІК

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Егемен Қазақстан» газетіне сұхбаты

– Аса құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы! Осы сұхбатқа келісімізді сұрағанымызда еткен жылдың қазан айында жетекші республикалық БАҚ журналистерімен аңгімелескенде «Егемен Қазақстанның» сауалына орай: «Кейін бір кесіле сөйлесіңіздер, бірақ бірінші дегеніңізді еске салып барып, етініш айтып едік. Сол кез келді деп ойлаймыз».

2005 жылдың 4 желтоқсаны Қазақстан тарихындағы бетбұрысты белестердің бірі болатындығы сөзсіз. Сайлаудан кейінгі бірінші нөмірімізде: «Елбасы жеңісі – асылын ардақтай алған, өрін қолдай түлген Елдің де өрен жеңісі. Ортақ жеңісіміз құтты болсын, ағайын!» деп жазған едік. Сол ортақ жеңіске халықты Сіз бастап алып келдіңіз. Президент сайлауы туралы есерлеріңізді газет оқырмандарына өңгімелеп берсеңіздер ма?».

– Оған бәрі біраз уақыт өтті ғой. Дегенмен, сауалыңызға орай жауап қайтарайын. Иә, 4 желтоқсандағы сайлаудың қорытындысы, ең алдымен, Елдің жеңісі, елдіктің жеңісі. Ол күн – Қазақстанның жұлдызын жарқырата түскен күн, ол күн – көп ұлтты еліміздің абыройын асырған күн. Халқымыз елдіктің осы сынынан мүдірмей өтті, мемлекет тағдыры айқындалатын сын сағатта ауызбірлігін танытып, тұрақтылықты, татулықты қандайлық қадір тұтатынын, тәуелсіздіктің бағасын білетінін, оның қызығы мен қиындығын қатар қымбат санайтынын дәлелдеді.

Ең алдымен, Президент сайлауы Қазақстанның қай тұрғыдан да қарыштап алға басқанын көрсетіп берді. Мен қазірше демократияны дамыту жөнінде ғана сөз қозғайын. Біздің оппоненттеріміз елде экономикалық реформалардың ілгері басқанын мойындай тұра, саяси ырықтан-дырылу жағынан кенжелеп келеміз дейтінді айта беретін.

Бүкіл әлемнің көз алдында, ашық, айқын етікізілген бұл сайлау ол сөздің де біржақтылығын айғақтады. 1637 шетелдік байқаушы, елдің өз ішіндегі саяси партиялардан 16 мыңнан астам байқаушы қатысқан сайлаудың мысалын демократияның жігілгін шағып, майын ішкен елдердің де біразынан таба алмайсыз. Керек десеңіз, олардың талайы шетелдік байқаушыларды сайлауға қатыстырмайды да.

Мысалы, Ұлыбритания, Польша сияқты елдерде сайлауды сырттан адам бақылауына заң жүзінде рұқсат етілмейді. Біз өзіміз шақырдық, келіңіздер, көзбен көріңіздер, өділ бағаларыңызды беріңіздер дедік. Келді, көрді, бағасын берді. Біздегі сайлау, «Вашингтон Пост» газеті жазғандай, «ТМД елдеріндегі ең демократиялық сайлау» деп танылды, оның «өңірдегі ең үздік сайлау» болғаны, «Қазақстанды халықаралық сайлау стандарттарына жақындата түскені» атап өтілді. Сарапшылардың айтуына қарағанда, Қазақстандағы осы сайлау әлемдік баспасөзде ең көп түсініктемелер берілген сайлау екен. Өр кандидатқа тең жағдай жасалды. Соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында да бәріне бірдей кеңіл бөлінді.

Аса жауапты бұл науқан Қазақстанда жоғары деңгейде өтті. Бүкіл дүние елімізге көз тікті. Сондай сын кезеңде сыр берген жоқ халқымыз. Жақсы атанған жылтырақ сөз бен нақтылы істің арасын ажырата алатын, желікпеге жоқ жұртымыз сайлау күні келгенде асықпай-саспай, жарты сағаттап кезекке тұрып-ақ, иың-шыңсыз дауыс беріп шықты. Халық өз таңдауын жасады. Тұрақтылықты, татулықты жақтады. Реформалардың жалғасуын жақтады. Өзің жазғандай, революцияны емес, эволюцияны жақтады. Ұлытамызға жарасқан, берекесі асқан ел екенін танытты. Ешқандай сілкіністің болғанын қаламайтынын, оған жол бермейтінін ашық айтты. Сөйтіп, ай-дай әлемнің алдында өзіннің саяси белсенділігін, ел тағдыры үшін жауапкершілікті терезе сәніндейін көрсетті.

Ерекше атап өтетін жай – бұл сайлаудың біздің халықтың ескелең демократиялық мәдениетін танытып бергендігі. Қазақстандағы сайлау әлемнің ең дамыған елдерінің, дүниежүзілік ұйымдардың басшылары тарапынан жоғары баға алды. Менің атыма АҚШ Президенті Джордж Буштан, Ресей Президенті Владимир Путиннен, Қытай Халық Республикасының Терағасы Ху Цзиньтаодан, Франция Президенті Жак Ширактан, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Кофи Аннандан, көптеген мемлекеттер басшыларынан, кернекті қоғам қайраткерлерінен түскен құттықтауларда Қазақстанның экономикалық реформаларда өңірлік көшбасшыға және көптеген елдер үшін дамудың моделіне айналғаны атап айтылған.

Осы сайлауға дейінгі Қазақстан мен осы сайлаудан кейінгі Қазақстанның арасында айырма болады деп ойлаймын. Біз енді демократия мектебінен өтіп қана жүрген ел емеспіз, біз енді тоталитарлық қоғамнан кеше ғана шыққан мемлекетте демократияның қалай қалыптасатындығын өзгелерге көрсетіп те берген еміз. Мұндай сайлау өткізе алған ел – келешегі кемел ел. Өрине, кемшіліксіз болған жоқ. Жалпы, бірде бір елде бірде бір сайлаудың атымен мінсіз өтуі мүмкін емес. Оны кешегі сайлауға байқаушы ретінде қатысқан көптеген шетелдік сарапшылар ашық айтты. Біз демократия мектебінен өтіп жатқан еміз. Үлкен істің кедір-бұдыры кездесуі әбден мүмкін. Соның өзінде

қазірден-ақ Қазақстандағы Президент сайлауы талай елге ашықтықтың, айқындықтың үлгісі ретінде қаралып отырғаны көп жайды аңғартады.

Сайлауға дейін де, сайлаудан кейін де ұлт, ел, халық, мемлекет ұғымдары төңірегінде көп ойландым, көп толғандым. Кешегі сайлау қазақ халқының шын мәнінде осы заманғы ұлтқа айналғанын көрсетіп беруімен де ерекше қымбат. Бүгінгі қазақ – ұлттық сана деңгейіне кетерілген халық. Тәуелсіздік жылдарында жұртшылықтың жан дүниесінде жүріп жатқан ғажайып өзгерістерді сезіне алмайтын немесе әдейі сезінгісі келмейтін, сөйтіп «бұл қазақтың басы бірікпейді» деген сияқты сөзді әлі күнге сөз деп сөйлеп жүрген кейбір қарауыздардың көмегіне біздің ұлтымыз 4 желтоқсан күні тағы да құм құйды. Бұл жолы құйғанда да ұстап тұрып құйды.

Мен көп ұлтты халқымызға, сол халыққа ұйытқы болып отырған қазағым бас иемін. Қазақстан халқы тәуелсіздік мемлекет құру жөнінде Тарих артқан міндеттің үдесінен шыға білді. Бір мүшелден жаңа асқан шағында шын мәнінде тәуелсіз, әлемнің кез келген елімен тең сөйлесетін, әлемнің кез келген елі санасатын, ең қуатты державалары стратегиялық өрілтес деп танытын мемлекет құра алу шынында да нағыз ұлы халықтың ғана қолынан келеді.

Тағы бір назар аударарлық жай бар. Ол – қазақ халқының тарихи сенімділігі. Осы он төрт жылдың ішінде біздің тыңдырған ісіміздің бірі де бірегейі де – халықтың келер күнге сенімділігіне қол жеткізгеніміз. Қазақстан – ертеңіне сенімді ел. Халқымыз әркім өз тағдырының иесі өзі екенін түсінді, азаттығын ең асылым деп білген ата-бабаларымыздың намысшылдығына тартты, ешкімнен кем емес екенімізді, жұрт істегенді істей алатынымызды дәлелдеді. Тарихи сенімділік – біздің ұлы тірегіміз. Қазақ – табиғатында оптимист халық. Ең бір ұлмат замандарда да «Тоқсан тоғыз бәле бар, жүз жақсылық және бар» деп мақалдатқан халық. Көріңіз бе, соның өзінде жақсылықты асырып қойып отыр ғой? Ендеше, егемен ел атанып, өз тізгініміз өз қолымызға тиген кезде халқымыз ешнәрсеге алаңдамауға, ештеңеден аянабауға тиіс.

– Тәуелсіздік тарихы 15 жылға аяқ басты. Қазір қарап отырсақ, осы мерзімнің ішінде боламыз ба, бордай тозамыз ба дейтін тағдыршешті сұрақтың алдында тұрған шақты да, қуанышқа көнеліп, мерейімізді асырған кезді де бастан кешіппіз. Елдің басшысы ретінде Қазақстанның қазіргі даму барысы Сізді қанағаттандыра ма?

– Қазақстанның қазіргі даму барысы, сөз жоқ, қанағаттандырады. Қанағаттандырмағанда ше? Тәуелсіздіктің тар жол, тайпақ кешуіне өзімізбен бірге түскен елдердің маңдай алдындамыз. Ішкі жалпы өнімнің жан басына шаққандағы көлемі жөнінен біздің алдымызда тек Ресей тұр. Басқа елдер бізбен салыстыруға да келмейді. Соның төрт жылда ішкі жалпы өнімнің жиынтық өсімі 50 пайызға жуық артқаны – біздің жасампаздық жұмыстың жарқын жемісі. Қазақ-станның ішкі жалпы өнімі 60 миллиард долларға жуықтады. Бұл Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан және Тәжікстан экономикаларын түгел қосып есептегеннен де артық. Біз қазірдің өзінде табыс мөлшері жағынан Түркия сияқты елдердің деңгейіне теңесіп қалдық.

Ел экономикасына 42 миллиард доллардан астам тікелей инвестиция тартылған, бұл ТМД бойынша жан басына шаққандағы ең жоғары көрсеткіш. Әлемдегі жедел өркендеп келе жатқан 10 елдің қатарында тұрмыз. Өрине, ең қуатты елдердің қатарына қосылуымызға әлі де көп уақыт керек.

Сіздер ана жолы «Барыстың секірісі» деген тақырыппен экономиканың бәсекеге қабілеттілігі көрсеткіші бойынша әлем елдерінің рейтингін жарияладыңыз – дар. Сол тізімде Қазақстан 61-ші орында тұр. ТМД елдерінің бәрі, соның ішінде Ресей де бізден көш кейін орналасқан. Барша мәліметтерді алдыртып, мүмкіндіктерді саралай отырып, жан-жақты талдау жасау нәтижесінде Қазақстан осы өлшем бойынша әлемдегі алдыңғы қатарлы 50 елдің қатарына қосыла алады деген түпкілікті шешімге келдік. Түпкілікті дейтінім, бұл жайында мән бұрыннан көп ойланатынымын. Осы мақсат туралы жұртшылыққа алғаш рет инаугурациядағы сөзімде айттым. Онан кейін Парламент палаталарының бірлескен отырысында ортаға салдым. Ал бұл міндеттің үдесінен шығудың нақты жолдары биылғы Жолдауда айтылды.

– Инаугурация рәсіміндегі сөзіңізде Сіз экономиканың бәсекеге қабілеттілігі бойынша әлемдегі алдыңғы 50 елдің қатарына өну жөнінде «көптен көкейімде жүрген мұратым» деген едіңіз. Кейінірек, Парламент палаталарының бірлескен отырысында да ең мықты жолы елдің қатарына өнуді

бүкіл ұлттың басты идеясы деп атадыңыз. Биылғы Жолдауыңыздың негізгі езегіне айналған осы мәселеге арнайы тоқталсаңыз.

– Елдікке өну стратегиясының негізі не? Ол – Қазақстанның мына жан алысып, жан берісіп жатқан аласапыран дүниедегі бәсекеге барынша қабілетті елге айналуы. Бұл үшін біз бәрінен бұрын ел экономикасы халықаралық рынокта еркін шығатындай етуіміз шарт. Әлемде қазірдің өзінде сұраныстан ұсыныс артып бара жатыр. Көп ұзамай-ақ мына дүние тауар тапшылығынан құтылады. Қызмет көрсетудің де нәше түрі шығады. Нағыз бәсеке өне сонда басталады. Ол кезде тек сапалы тауар ғана өтетін, тек озық технология ғана көдеге асатын болады. Біз сол сынаққа сақадай сай тұруға тиіспіз.

Бізге айналасы оншақты жылда үлкен-үлкен үш міндетті қатарынан шешуге тура келді. Тәуелсіз мемлекет құра жүріп жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшуге, соған қоса тоталитарлық қоғамнан демократиялық қоғамға өтуге тиісті болдық. Біз сол үш міндеттің үшеуінің де үдесінен шыға алдық. Енді, міне, уақыт кезекті сынағын алға тосып тұр. Ол – бәсекелестік сынағы. Экономиканың мінсіз моделін жасап үлгермеген, қалтқысыз қоғам құра қоймаған қазіргідей өтпелі кезеңдегі мемлекет үшін бәсекелестікке шыдап беру оңайға соқпайды. Біз енді елдікке өнуді алға мақсат етіп қойғанда еліміздің таяудағы он жылдың ішінде қаншалықты өсіп-өркендейтінін ғана ойламаймыз, алдымызда тұрған мемлекеттердің қандай қарқынмен алға жылжитынын, бізден кейін тұрған мемлекеттердің де қарап қалмайтынын ойлаймыз. Бәсекелестік бәйгесінде озу үшін жаңа кезеңге сай келетін жаңа экономика керек.

– Жаңа экономика деген ұғымды қалай сипаттар едіңіз?

– Жаңа экономика – жоғары технологияларды, ғылымды қажет ететін экономика, ол – барлық салалар мен сегменттерде инновациялармен қаныққан экономика. Ондай экономика құрудың басты шарты – Қазақстанның өлемдік экономикаға ойдағыдай кірігуі. Еліміз көп тарапты халықаралық экономикалық жобаларға белсене қатысатын болуға тиіс. Жоғары технологиялардың халықаралық бизнесіне қатысуымыз керек. Ол жерде бізді күтіп отырған ешкім жоқ. Өзіміз кіруіміз керек ол жерге. Еуразиялық көлік жүйесіне кіруге де маңызды міндет. Дайын өнімдер экспорттың үдемелі түрде арттыруымыз шарт. Экономиканың жаңа секторларын дамытуға тура келеді. Қазақстан әлемдік рынокта сенімді өнім беруші деген абыройға ие болуы керек. Білімнің, ғылымның рөлін арттыратын уақыт жетті. Қазақтың «Білекті бірді жығанды, білімді мыңды жығанды», дейтін әбден келді. Өлемнің мықты елдерінің бәрі тауар өндіруші экономикадан білім өндіру мен қолдануға негізделген экономикаға ауысып жатыр. Жақында АҚШ Президенті Джордж Буштың ел халқына дәстүрлі жолдау сөзінде қандай міндет алға қойылғанын білесіз ғой? Ел басшысы энергияның жаңа көздерін игеру арқылы таяу-жақында жиырма шақты жылда Таяу Шығыс мұнайына тәуелділіктен құтылу міндетін алға қойды. Бұл – ерекше мәні бар мәлімдеме. Мен Үкімет елде мұнай жоқ сияқты сезініп жұмыс істеуді үйренуі керек дегенді неге айтып жүргенім енді түсінікті болған шығар? Біз мұнан бұлай мұнай мен газдан түскен табыс бұрынғыдай бірден бюджетке емес, Ұлттық қорға түсетін өткеніміздің себебі де сол.

Дамыған елдерде жаңа технологиялардың, жаңа білімдерді сақтаушы жабдықтардың үлесі ішкі жалпы өнім өсімінің 70-80 пайызына дейін барады. Мәселен, АҚШ жыл сайын ғылымды көп қажет ететін өнім экспортына 700 миллиардқа жуық доллар, Германия – 530, Жапония – 400 миллиард доллар алады екен. Жарайды, бұлар баяғыдан мықты елдер ғой дейік. Жаңа технологияларға арқа сүйеудің не беретінін Үндістаннан да көре аламыз. Бағдарламалық өнімдерді сыртқа шығарудан ол ел 2000 жылы 4 миллиард доллар табыс түсірген, ал енді 2008 жылы сол көрсеткіш қаншаға жетеді деп ойлайсыз? 2008 жылға қарай сол көрсеткіш 50 миллиард долларға жетеді. Солай.

Біздің еліміз өлемдік экономика бәсекесіне қабілеттілік танытарына мен кеміл сенемін. Қазірдің өзінде Қазақстанда бүкіл өлем мойындаған бірқатар бірегей технологиялар бар. Сульфидті қорғасын концентраттарын қайта өңдеу жөніндегі технологияға 14 елден патент алынған. Басқа да мысалдарды айтуға болады. Бүгінде біз стратегиялық мақсаттарға баса назар аударуға тиіспіз.

Жаңа экономикаға бет бұру, Жолдауда айтылған міндеттерді орындау оңай болмайды. Тіпті бұл жұмысты тәуелсіздігімізді нығайтудың бірден-бір амалы деп білу қажет. Біз арқастан-дыққа мұның мағынасын түсіндіріп, жұмысқа жұмылдыруымыз қажет. Басты назарда ұстайтын мәселе – халықтың тұрмысын одан ары арттыра беру. Тек осындай жолмен алға басуымыз керек.

Үкіметіміз еш кідіріссіз және зор қажырлы біліммен бұл іске білек сыбана кірісуі қажет. Сондықтан Д.Ахметов басқарған Үкіметтің негізін сақтап қалғанымыз орынды болды деп санаймын.

– Облыстарда да негізінен солай болды.

– Солай болатыны – облыстарда да, Астана мен Алматыда да жұмыс негізінен алғанда дұрыс жүріп жатыр. Өйтеуір ауыстыру үшін ауыстыру мақсат емес. Егер жаңа талаптарға сай болмай жатса, өрине, жаңа кадрларға жол беру қажет.

– Ел халқының көңілінен шыққан шешімнің бірі – Индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы. Тек жер астының қазынасын сатумен ғана отырған кейбір мемлекеттердің жолы түбі түйікке тірейтінін Сіз бірнеше рет қадап айттыңыз да. Өндірісті диверсификациялау, яғни өртаптаңдыру бағытында алдағы жылдарда Үкімет қандай шаруаларды алдымен қолға алуы керек?

– Қазақ жерінің асты да, үсті де тұнған байлық. Біз мұны талай рет айттық. Бізде жер де бар, кен де бар, жердегі кенді игеретін ел де бар. Мәселе – қалай игеруде жатыр. Бар екен деп оңды-солды шашып-төге беруге болмайды. Ана жолы зиялы қауыммен кездескенде айттым ғой Оманға барғаным жайында. Сол Оман заманында қандай ел еді? Өлемдік рынокқа мұнай мен газды бәрінен де көп шығаратын ел еді. Қазір ше? Мұнай мен газын сатып-сатып, ақыры тақырға отыруға жақын қалды. Сапар кезінде ел басшылары маған осы заманғы технологияларға негізделген қуатты индустрия құруға мүмкіндігіміз бола тұра соны жасамаппыз деп өкінішін білдірді. Көріңіз бе, жалғыз жер байлығына сеніп қалуға болмайды. Ең алдымен ел байлығына сену керек. Ел байлығы деген не? Өзіміз білім, ол – жаңа технология, ол – осы заманғы инфрақұрылым, ол – бәрінен бұрын, отаншылдық сезім, қазақстандық патриотизм.

Осындай байлығы бар елдер, мысалы, өздері аралда орналасқан, жерінің қойнауынан бір түйір қазба байлық шықпайтын Жапония, Оңтүстік Корея жаңағы білімнің, технологияның, инфрақұрылымның, отаншылдық сезімнің күштілігінің арқасында өсіп, өркендеп, өзгелерге өнеге болып отыр. Сондықтан да біз Индустриялық-инновациялық бағдарламаға көп сенім артудамыз. Даму қорын, Инновация қорын, Индустриялық даму қорын, Экспортты қорғау қорын құрдық. Олардың бәрі де мемлекеттің өсебін қаржыландырылып, индустриялық-инновациялық бағдарламаны жүзеге асыруға мақсатты несиелер беріле бастады. Бір ғана жылдың өзінде Қазақстанда жалпы құны 700 миллион долларлық 243 ірілі-кішілі кәсіпорын іске қосылды, мыңдаған адам жұмыс орынын алады. Солардың көбі қолымыздағы шикізатты дайын тауарға айналдыруға лайықталған.

Біз Бүкіләлемдік сауда ұйымына өтуге әзірленіп жатқан елміз. БСҰ-ға мүше болу бірінші артықшылық береді, бәріне барлық елдер соған өтуге ұмтылса өді ғой деп ойлау орынсыз. Керек десеңіз, БСҰ-ға өткеннен кейінгі алғашқы кезеңнің қуанышынан гөрі қиындығы көбірек болады. Мұны біз халыққа басын ашып айтуымыз керек. Ол кезде біз шекаралық шетел тауарларының алдынан жабық күйде ұстай алмаймыз. Яғни, шетелдің біздегіден арзан, біздегіден сапалы тауары ағылып келеді. Қай елден алдымен келетіні тағы белгілі. Халық қайсысын алады? Өрине, арзанын алады. Сонда біздің кәсіпорындардың өнімі қайда қалады? Олардың бірінен кейін бірі жабылып қалу қаупі бар. Ал бұл жұмыссыздықты көбейтеді. Жұмыссыздықтың көбеюі – тұрақтылыққа төнер қауіп. Осы қауіптің алдын-алу үшін біз бүгінгі күннен құрал-жабдықты алмастырып, жаңа технологияға көшуге кірісуіміз керек. Нарық деген сол – жарысу, жағаласу, бәсекелесу, таласу, тартысу. Біз БСҰ-ға ең алдымен жаңа рыноктар ашу үшін өтетін боламыз. Өйтпесе, өзіміздің небәрі 15 миллион адамдық рыногымызды толтыру біз үшін таяу жылдарда орындалатын міндет. Бізге өлемдік рынокқа шығу керек. Ал оның бірден бір шарты – бәсекеге қабілеттілік. Мен бұл арада тек өнімнің ғана сапасын айтып тұрған жоқпын. Мәселен кеңірек алып қарайтын болсақ, әлбетте, мемлекеттің өзінің де бәсекеге қабілеті туралы болып отыр. Нарық жағдайында фирмалардың, компаниялардың, холдингтердің бәсекелестігі сияқты, өлемде мемлекеттер де бәсекелесіп жатады. Мемлекеттің бәсекелестікке қабілетін көрсететін басты нәрсе – экономикасы. Экономиканың бұл сипаты, ең алдымен, кәсіпорындарымыз өнімдерінің халықаралық стандарттарға сәйкестігімен айқындалады. Батыста өнім сапасын бақылаудың сынан өткен тәжірибесі бар. Біз оны барынша қысқа мерзімде игеруге тиіспіз.

(Жалғасы 2-бетте).

ЕЛ МЕЖЕСІ – ЕЛУ ДІК

– Сіздің тапсырмаңыз бойынша Үкімет қабылдаған Тұрғын үй бағдарламасы халықтың елеулі бөлігінің үй алудан үзіле жаздаған үмітін қайта жалғап отыр. Бұл бағдарламаның нәтижесі қазірдің өзінде көріне бастады. Өйтсе де, қазірше жалақысы төмен мамандық иелерінің, өсіресе, дәрігерлердің, мұғалімдердің қолжетімді деп саналатын сол бағаның езімен үй сатып алуы қиын. Жалғыз жол – ипотека. Оның шарттары тағы белгілі. Бұл қиындықтан шығудың қандай жолдары қарастырылып жатыр?

– Біз бұл қадамға саналы түрде бардық, қандай қиындықтар алдан шығатынын біле тұра бардық. Бұған дейін ешкім де елде тұрғын үйдің бағасы қымбат деп сый айтпайтын. Президент осы мәселеге араласпай отыр деп те ешкім кіне артпайтын. Өйткені, нарық жағдайында бағаны үй сатушы немесе үй салушы атайтынын, халықтың сатып алу қабілеті айқындайтынын жұрттың бәрі де білетін. Өрине, нарық жағдайында бағаны мынадан асырма деп талап қоюдың жөнсіз болып көрінуі де мүмкін. Өйтсе де, бұл шаруаны бетімен жібере берсек, кілең бір қымбат, аса жайлы пәтерлерден тұратын үйлер салынып кететін түрі бар. Бұл айтқаннан енді сәнді пәтерлер салынбайды екен ғой деген ұғым туып қалмауы тиіс. Қалтасы көтеретіндерге арнап өте сәнді үйлер салына, салына берсін, аудан түскен қаржы да түптеп келгенде бюджетке құйылады ғой.

Біз үй бағасы жөнінде талап қойғалы да біраз уақыт өтті. Жыл тұрмақ, ай асқан сайын өзгеріп бара жатқан конъюнктура ол бағаға да түзету енгізуде. Оның үстіне құрылыс материалдарының негізгі бөлігі көрші елдерден, кебіне Ресейден әкелінетіні де ескеру керек. Бірқатар тарифтердің өскені де құрылыстың құнын қымбаттатпай қоймайды. Соған қарамастан Қазақстан тұрғын үй құрылысының қарқынын ерекше арттыруға қол жеткізіп отыр. 2005 жылы бағдарламада көрсетілген 3 миллионның орнына 5 миллион 200 мың шаршы метр тұрғын үй салынған. Бұл дегеніміз 2004 жылғыдан 1,8 есе көп. Екі есеге жуық!

Нарық жағдайында тұрғын үйді басы бүтін тегін беру деген болмайды. Тек халықтың жеке-кеген топтарына, онда да арендамен, несиенен ғана жасалуы мүмкін. Сондықтан тұрғын үй бағдарламасының мәнін мемлекет қайтадан пәтер тарата бастайтын болыпты деп ұғынудың тіпті де реті жоқ. Мемлекеттің жасайтыны – адамдардың пәтер алу мүмкіндігін көбейту. Оның басты жолы – халықтың табысын ұдайы өсіру. Жаңағы айтылған дәрігерлер мен мұғалімдердің жалақысын рет-ретімен өсіру қолға алынуда. Жалпы, тұрғын үй бағдарламасы ойдағыдай орындалғанда 200 мың отбасы ипотеканы және тұрғын үй құрылысы жинақтаушы жүйесін пайдаланатын болады деп мөлшерленуде, мұның өзі бұл шараның шарапатын таңу жылдардың өзінде миллионға жуық адам көреді деген сөз. Бұл мүмкіндікті тек жұмыс істеп, табыс табатын адамдар ғана пайдалана алатынын ашық айту қажет. Пәтер алу үшін ер азамат жұмысқа ынтылы болсын.

Тұрғын үй саясаты тек пәтерге тірелетін мәселе емес. Мындаған адамдардың жаңа жұмыс орнына қолы жетуі, құрылыс материалдарын шығаратын кәсіпорындардың, жиһаз жасайтын фабрикалардың ашылуы да халықтың әлауқатын арттыруға тиісінше ықпал жасайтыны сөзсіз. Үй дегеніміз тек төрт қабырға емес қой, цемент, кірпіш, қабырғалық материалдар, ағаш, бояу, тұсқағаз, шіптер сияқты болып кете береді. Солардың бәрін біреулер өндіріуі керек, біреулер бір жақтан жеткізуі керек. Оның құнын арзандау үшін құрылыс материалдарын өзімізде шығаруды ойластыра бастайтын боламыз.

Алдағы жеті жылда біз 350 мың жаңа пәтер салдыртпақпыз. Бұл не деген сөз? Бұл осы жеті жылда миллион қазақстандық қоныс тойын тойлайды деген сөз. Өрине, нарық жағдайында адамдардың мемлекетке ауыз ашып отыра бермейтіні, өсіресе ауылдық жерде өздері үй тұрғызып алатындардың да аз болмайтыны белгілі. Сонда мен айтқан миллион деген санның анағұрлым өсетіні сөзсіз. Американы Америка еткен автомобиль дегендей, Қазақстан да өзінің дамуының жаңа деңгейіне халықтың тұрғын үй жағдайын жақсарту арқылы көтеріле алады.

– Астана – Қазақстан экономикасының локомотиві деп өдемі теңеу айтып өдіңіз. Расында да, Астананың қазіргі еркендеуі кергенді сүйіндіріп, көре алмасты күйіндіргендей. Кейінгі сайлауда оппозиция да жаңа елорда тұрғызу идеясы үшін сынар болса, өздері күлкіге қалатынын айқын ұғына алды. Астана біздің өліміздегі жасампаздықтың жарқын символына айналды. Осы орайда алдағы жыл–дарда мемлекетімізде қандай іргелі істер қолға алынатыны жайында айтып берсеңіз деп сұрап өдік.

– Астана өліміздің тұрлаулы дамуын қамтамасыз етудің негізіне айналуда тиісті биылғы Жолдауда арнайы айтылды. Біз елорданы еуразиялық кеңістіктегі үлгілі астанаға айналдырумыз керек. Бүкіл өліміз Астанаға қарап бой түзеп жатыр. Астананың ауыстырылуы, елорданың ел кіндігіне көшуі қандайлық саяси мәселелерді шешкенін айтып жатпай-ақ қойайын. 1997 жылы мұндағы халықтың саны 200 мыңға жуық болса, қазір астаналықтар қатары 550 мыңнан асып кетті. Астана халқының аз уақыттың аясында мұншалық өсуі – қаланың тартымдылығының нәтижесі дегенді білдіреді. Қалаға салынған инвестицияның көлемі 634 миллиард теңгені құрап отыр. Астананың ажары ай өткен сайын артып барады дей аламыз. Есілдің сол жағалауындағы жаңа қаланың жөні бөлек, өрине. Оның сыртында мен қаланың негізгі бөлігіндегі әрбір ғимаратқа да тікелей назар салып жүремін. Қала өкімдігінің бүгінгі заманғы жұмыс стилі бірқатар мәселелерді іскерлікпен шешуге мүмкіндік беріп келеді. Шешімді күткен мәселелер де баршылық. Мен жақында өкімдікте болып, тиісті орындардың есебін тыңдадым, нақты тапсырмалар бердім. Медициналық қызмет кластерін құру, халықаралық деңгейдегі беделді университет құру, индустриялық аймақтың дамуын қамтамасыз ету қажет. Халық санының артуына байланысты жеке

автокөліктердің көбеюі жаңа көлік қиылыстарын, қаланы айналап өтетін жолдарды салуды талап етеді. Мектеп жасындағы балалар санының өсуіне орай жаңа мектептерді кептеп салуды тапсырып отырмын. Ал жаңа айтылған тұрғын үй мәселесіне келсек, бұл тұрғыдан қарағанда да Астана бүкіл Қазақстанға үлгі болуға тиіс. Құрылыс сапасын қатты қадағалау керек.

– Жақында Алматыға арнайы барып, қаланың бас жоспарының жобасымен танысып қайттыңыз...

– Алматыны мен білгелі жарты ғасырдан асты. Өзім де қаланың дәл іргесінде туып-өскенмін. Әкеме ілесіп алғаш барған кездегі қала суреті әлі күнге көз алдымда. Астана атағынан айырылғаннан кейін де Алматының басынан бағы тайған жоқ. Қайта, республикалық, облыстық деңгейдегі әкімшілік ғимараттары, шенеуніктер қатары кеміп, бюджетке түсер салмақ азайған соң өз бетінше дамуына көбірек мүмкіндік ашылды. Егер Алматы астана дәрежесінде қалса, қала халқы тағы 300 мың адамға өсер еді. Сонда не болар еді? Қазірдің өзінде қалада көліктің кептігі қалай? Қаржы жағынан да қатты қарасып жатырмыз. Егер 2005 жылы бюджеттен 24 миллиард теңге бөлінсе, биылға деп 33 миллиард теңге бөлінген. Айырмасын аңғарып тұрсыз ғой. Бас жоспар жобасы негізінен мақұлданды. Қаланы солтүстік бағытқа қарай өсіру жөнінде стратегиялық мәні бар шешім қабылданды. Олимпиада ойындарын өткізетін қала атану үшін таласуға байланысты да жаңа міндеттер қойылды. Туризмді дамытуға, тұрғын үй құрылысына, метро салуға да орай тапсырмалар берілді. Өрине, көп мәселе алматылықтардың езіне байланысты. Қала тұрғындарының Алматының беделді бизнесі үшін жауапкершілік танытарына, саяси мәдениеттің биік деңгейімен бүкіл ел халқына үлгі көрсетеріне сенемін.

– Тағы қандай іргелі істер қолға алынады?

– Мен өз тұғырнамаларда: «2012 жылы біз Шығыс Еуропа елдерінің деңгейіне жетеміз», – деп ашық айттым. Оған дейін өліміз индустриялық жағынан дамыған елдер қатарына қосылады. Алдағы жеті жылда біздегі ішкі жалпы өнім 2000 жылмен салыстырғанда 3 есеге дерлік өседі. Экономикамыз даму заңдылықтарынан аздап та болса қабыры бар ербір адам мұның шын мәнінде ғажайып мақсат екенін біледі. Біз сондай мақсатты алға қойып отырған өліміз. Міне, бес жылдан бері өліміз өсу қарқынының шамамен 10 пайыздық деңгейін сақтап келеді. Өрине, әр жыл сайын 10 пайыз өсім алу өте қиын, өйткені жаңа есеп өткен жылы жеткен биіктен басталады ғой. Бірақ қарқынды өсудегі тағы хақымыз жоқ. Біз жеті жыл ішінде жан басына шаққанда ішкі жалпы өнімді екі жарым есеге арттырамыз. Қазір біздегі бұл көрсеткіш – 3400 доллар. Бұдан көп алатындар да көп, бұдан аз алатындар да аз емес. Орташа есебі. 2012 жылы осы көрсеткіш жылына 8-9 мың долларға жетіп қалады. Ол да орташа есебі, өрине. Соның өзінде табыс төмендердің өзі қанша алатынын шамалай беріңіз. Орташа жалақының өзі 70 мың теңгеден кем түспейтін болады. Білім мен ғылымға бөлінетін қаржы үш есе, денсаулық сақтауға бөлінетін қаржы үш еседен артық өседі. Біз 2012 жылға дейін астық экспорттаушылардың өлемдік бөстігіне, мұнай экспорттаушылардың өлемдік оңдығына кіреміз.

– Ауыл жылдарында ауылдың тынысы ашылып, ажары кіріп қалғаны анық. Атқарылып жатқан игі істер жемісті жалғасы үшін қандай шаралар қолға алынуы керек деп санайсыз?

– Мұнай бағасының өсуі біз үшін бір жағынан пайдалы, ал екінші жағынан сол мұнайды пайдаланатын өндірістерге де оның сол ескен бағамен жететіні бар. Бұл, өсіресе, ауыл шаруашылығына қатысты. «Біз мұнай өндіретін өліміз, сондықтан неге тегін алмаймыз?» – деп бағы совет заманында соғатындар да бар. Нарық заманында олай болмайды. Мұнай өндірудің өзі қымбатқа түсетінін ұмытпау керек. Сондықтан Үкіметке бұл мәселені нарық заңымен шешу тапсырылды.

Екінші мәселе – жер туралы сөз бойынша жер сату мәселесінің өте баяу жүруі. Жер нарық айналымына кіріп, несиені беріле алатын болса, ауыл шаруашылығына көп қаржы өкеледі. Бұл мәселені де Үкімет қайта қарағаны жөн.

Үшінші – өнімді өңдеу мәселесі болмақ. Бәрінен бұрын агромеркәсіптің кешеннің бәсекелестік жүйесін қалыптастыруды ең маңызды мәселе ретінде айтар өдім. Бүкіл өлемдік сауда ұйымына өту біздің ауыл шаруашылығындағы тауар өндірушілерге алғашқы бетте ауыр тикой өбден мүмкін екенін, жоқ, дұрысы – ауыр тиетінін тағы да айтатын. Бізде өндірген өнімді ұқсату жағы өлі де нашар. Ұқсатылған өнімді көздің жауындай етіп орап, әдемілеп ұсыну жағы да жетісіп тұрған жоқ. Содан барады да кейде өзіміздің нәрілі азық-түлігімізден гөрі шетелдік фирмалардың өңшейтін өрлі азық-түлігі өтімді болып кетіп жатады.

– Алып өтпейсіз, бұл мәселенің мынадай жағы да бар көрінеді. Адамның рационалды өзге жерде өндірілген азық-түліктің үлес салмағы 30 пайыздан асып кетсе, бұл денсаулыққа жағымсыз фактор дегенді айтады екен мамандар.

– Ол жағы тағы бар. Жалпы, күн нұры ерекше мол болғандықтан біздің өліміздегі ауыл шаруашылық өнімдерінің негізі өтпейді. Мысалы, біздің бидайдың сапасы өлемдік рынокта жоғары бағаланады. Қазақстанның қатты сортты бидайларын қоспаса, өз бидайынан дұрыстап нан жаба алмайтын елдер де бар. Демек, біздің жаңа рыноктарды игеруімізге мүмкіндік мол.

Ауылдық жерлерде тұрмысы төмен отбасылар қаладағылардан көбірек екенін баршамыз білеміз. Ауылдағы көдейшілікпен күресудің тиімді жолы – шағын несиелер. Оларды тиімді пайдалану – аудан, ауыл өкімдерінің іскерлігіне сын. Аудан, ауыл өкімдері демекші, олар халықты жұмыспен қамту мәселесіне жаңаша қарамаса болмайды. Қазір ауылқайтқандардың бәрін жұмыссыз санайтын көзқарас бәз-баяғы күйінше тұр. Жұрттың бәрін ауылқайтқандарға бөліп міндетті емес. Жерін бар ма, малың бар ма, – сол жұмыс, сол күнкөріс көзі.

Атаулы әлеуметтік көмекті жұмыс істемей-ақ күн көре берудің көзіндей санайтын сана орнығып бара жатқандай. Негізгі көмек – халықты жұмыспен тұрлаулы қамту. Мемлекет атаулы

әлеуметтік қолдауды ең алдымен жұмысқа қабілетсіздерге көрсетуі керек. Онан кейін жұмыс таба алмай жүргендерге. Сан түрлі жолмен атаулы көмек алатындар сапына қосылып алып, мемлекетке масыл болудан тайынбайтындардың жөні басқа. Біз бәрінен бұрын адамдардың жаңа кәсіптер игеруіне көмектесуге тиіспіз.

Экономикалық және әлеуметтік реформалардың ойдағыдай жүзеге асып жатуы, Қазақстанды қауырт даму жолына түсірді. Тіпті талайларға күні көшегі қиындықтар болмағандай көрінетіні де бар. Экономиканың ырықтандырылуына қоғамдық-саяси өмірдің ырықтандырылуы ілесе алмай жатыр деп санайтындар, сөйтіп сынайтындар аз емес. Ондай оппоненттерге не айтар өдіңіз?

– Біздегі тіркелген партиялардың айтуына сенсек, елде түрлі партияларға мүше адамдардың саны миллионнан асып жығылатын түрі бар. Айналасы 15 миллиондық халқы бар ел үшін бұл тіпті де аз емес. Қазақстандағы қоғамдық-саяси өмірді сылбыр, еңжар деудің ешқандай жөні жоқ. Оның нақты дәлелі – кешегі сайлау.

Иә, мен қай кезде де алдымен экономика, сонан кейін саясат дегенді айтып келемін. Айта да беремін. Бұл ұстаным езінің жемісін берді. Сонымен бірге қазір Қазақстанның саликалы саяси реформаларға дайын тұрғандығы да талассыз. Қолданыстағы Конституция бұған толық мүмкіндік жасайды. Оны өзгерту керек, өзгерту керек деп өзүері беретіндерге мен сол Ата Заңның мәтінін қайталай оқуды кеңес етер өдім. Сонда олар, мысалы, Конституция бойынша Парламенттің Үкімет құрамын жасақтаудағы және оның жұмысын бақылаудағы құзыреттің өзі жеткілікті іске қосылмай жатқанына көз жеткізер өді. Премьер-Министрдің, Ұлттық Банк Төрағасының тағайындалуына келісім беруден бастап, Үкіметке сенімсіздік білдіру, сөйтіп, тіпті, оны орнынан түсіру қажеттілігін мойындау, ал кез келген министрді қызметінен кетіруді талап етудің бәрі Парламенттің құзыретіне емес пе? Конституцияда берілген сол құқықтарды анық айдалана алып отыр ма Парламент? Біз сын айтсақ негізінен Конституцияның өзіне емес, оның ережелерінің қалай орындалуына қатысты айтуымыз өділірек болады. Бұл тұрғыда да ілгерілеушілік бар. Мысалы, жаңа Үкіметті жасақтау кезінде өдеттегідей Премьер-Министр ғана емес, министр қызметіне кандидаттардың ұсынылғандар да палаталардың тиісті комитеттеріне адын-ала талқылаудан өтіп, қолдау тапқан соң ғана тағайындалды.

Парламент Конституцияға өзгерістер енгізуге де құқылы. Мен 1995 жылғы бүкілхалықтық референдумда қабылданған Конституция өзінің өлеуетін сарқып бітті деп ойлаймын. Біздің өлімізде бүгінгі биікке жетуіміз басты кепіл – осы Конституция. Оны тәуелсіздіктің түлеу тұғыры деген баға – өділ баға. Өрине, қатып қалған ешнәрсені жоқ. Заман зымырап өзгеріп келеді.

Экономика да, саясат та өзгеруі мүмкін. Бірақ өзгерістер жасалса, ел игілігіне, тәуелсіздігімізді, бірлігіміз бен тыныштығымызды сақтау үшін жақсаруы қажет. Сондықтан бұл мәселені жуық арада мемлекеттік комиссияға қарайтын боламыз.

Мен бойымдағы бар жігерімді, тәжірибем мен ойымды, тіпті өмірімді ел тәуелсіздігіне қызмет етуге сарп етіп келе жатқан адаммын. Бар өмірімнің мағынасы болған өлімімнің болшағы ойландырады. Демократияға, өрине, бара жатырмыз. Бірақ партия, партияға өділ бөліп, ағайынды араз қылып, елдің берекесін кетіріп, тәуелсіздігімізден келер ұрпақ айырылып қалмаса деп ойлаймын. Санасы бар ер қазақ осыны естен шығармаса деп сенемін. «Бұл басқа елдерде бар жағдай емес пе?» – дейді. Рас, бар. Бірақ олардың тарихы мен мәдениеті басқа, тұрған жері басқа және бұл жағдай олар оң, жүз жылдап жетті. Түсінетін жұртқа айтарым сол.

– Азшылықты тыңдауға үйреніп, оппозицияның сындарлы ұсыныстарын қарастыруға тиіспіз деп мөлімдегеніңіз баршаның көңіліне қонады. Оппозиция ұсыныстарын ескерудің қандай жолдары қарастырылуда?

– Кешегі сайлаудағы жеңістен кейін өткізген бірінші брифингтің өзінде айттым ғой оппозицияның сындарлы ұсыныстарын қараймыз, қажеттілерін пайдаланамыз деп. Оның бір жолы менің Жарлығым бойынша құрылып, біраз жұмыс атқарған демократияландыру мәселелері жөнінде ұлттық комиссия жұмысы болды. Комиссия қоғамдағы өртүрлі саяси күштердің тұрақты диалогына қол жеткізуді мақсат етті. Оның отырыстарында өлі өмірі үшін маңызды деген тәжірибелерді бәрі де талқылауға түсті. Шын мәнінде өлі мүддесін ойлайтын саяси партиялардың жетекшілеріне комиссияның отырыстарындағы ашық пікірталасуға қатысып, өз ойын ортаға салуға мүмкіндік берілді.

Халықтың өзі де керді, мен сайлау алды нақанды арнайы жүргізуді қажет деп таппадым. Өйткені, өткен жеті жылда атқарылған жұмысқа қарап өділ маған өділ баға беретініне сендім. Науқан барысында өзге кандидаттар туралы бір ауыз жағымсыз сөз айтқан жоқпын. Олардың кейбірінің мен туралы айтағаны жоқ, солардың сойылын соғатын газеттердің мен туралы жазбағаны жоқ. Мен оған шыдамдылық көрсеттім, себебі бәрі де – отандастарымыз ғой. Сондай-ақ, басқа кандидаттарды қолдап дауыс бергендер де мен үшін жат емес. Неге десеніз, олар осы шешімді арқылы менің алдымен неңдей мәселелерге көңіл бөлуім керектігін көрсетіп тұр. Ел басқаратын адам көп болуы керек. Мен көп болмасам, ел көп болмайды, ел көп болмаса өзгелермен тең болмайды. Жалпы, өшімді де дұшпан тұтып көрегі жоқ. Өз басымда оппозиция өкілдерінің ешқайсысында да ондай көзқарас жоқ. Болған да емес. Олардың маған тікелей жазаған жамандығы жоқ. Өркімнің көзқарасын сыйлауды үйренуіміз керек. Пайдалысын алу керек. Тек өшімге жала жабуға, тіл тигізуге болмайды. Оған сан бар. Заңды бұзғандар жазалануға тиіс. Түптеп келгенде баршамызға ортақ мүдде Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін нығайту мүддесі ретінде бәрі де тіл табысады деп сенеміз.

Отан – ортақ. Ең бастысы осы. – Өлімізде саяси реформалар басталып, соның алғашқы қадамы ретінде орталық пен

жергілікті атқарушы билік өкілеттіктерінің ара-жігін ажырату және бюджетаралық қатынасты реттеу қолға алынды. Осы арқылы көптеген әлеуметтік-экономикалық мәселелердің шешімі облыстарға берілетін болды. Алайда, федерациялық құрылымдағы Ресейдің өзінде субъекттер басшылығына кандидатураны Президент ұсынатын тәртіп қабылданып жатқанда, біздің облыстар дербестігін тым күшейтіп жіберуіміз асығыстық болып жүрмей ме?

– Тым күшейтіп жіберу деген қауіпіңіз артықтау. Бұл мәселе де жаңа мен айтқан Мемлекеттік комиссияның отырыстарында талқыланбақ. Сондықтан олардың алдын орап, бағыт бергендей болмай-ақ қойайын. Ал Ресейдегі қабылданған шешімге келсек, бұл өзі бір кездегі асығыс қадамның салдарынан құтылудың қамы сияқты. Жалпы, федерациялық мемлекеттің өзі бұрынғы бағытын өзгертіп, осындай шешімді қабылдауға мәжбүр болып отырғанда унитарлық мемлекетте биліктің сатыластығын сақтаудың қандайлық маңызды екенін айтып жату артық шығар.

Мемлекет жаңа құрылып, өдік дәстүрлеріміз қайтадан орнығып жатқан кезде орталықтандырудың белгілі бір дәрежеде сақталғаны жақсы. Қазірше облыстардағы билік орындары өз аумағындағы мәселелерді өз беттерінше шешуге толық қабілетті деу қиын. Демек, орталықсыздандыру ісінде де сабақтастық сақталуы шарт. Сонымен қатар облыстардың өзі өмір-еркін шеше алатын шаруаларын өздеріне беру керек екендігі де анық.

– Сіздің Ресей Федерациясына ресми сапарыңызға ілесе барып, Москваға жолымыз тұрсын деген Андрон Комчоловскиймен өңгімелесудің орайы келіп өді. Андрей Сергеевич сұхбат барысында Сіздің өңбегіңіз жөнінде бірнеше рет айтып өтті. Атақты кинорежиссердің сондағы бір ойы мынадай: «Демократияны экспорттауға болмайды. Демократия қоғамның өзі ішінде қайнап шығуы керек». Өз басым осы ой ұнайды.

– Демократияландыру үдерісін қолдан жеделдетіп жіберуге, сыртқы стандарттарды күштеп таңуға тырысушылық көріністер бізде де бар екені рас. Ал кезі келген, пісіп-жетілген шешімдерді кейінге ысырудың жөні жоқ. Мысалы, мен өкімдерді сайлау атымен дұрыс емес, олардың ешқайсысын да сайлауға болмайды деп ешқашан айтпағанмын. Бұл шаруа рет-ретімен, мәселенің пісіп-жетілуімен барып шешілуі керек дегенмін. Мұның өзі Конституциямызда да өскерілген жай. Сол уақыт өнді-өнді келе жатыр. Алдымен сынақ ретінде ауыл өкімдерін әр жер-жерде сайлап көрдік. Бұл тәжірибе ауылдарға кеңес мүшелерін сайлап, ал кеңес ауыл басшысын сайлау дұрыс екендігін көрсетіп отыр. Бірте-бірте бұл үдеріс аудан өкімдері де қамтылып болады. Бірден емес. Бірте-бірте. Неге бірте-бірте? Өйткені, демократиялық үрдістер, жаңағы айтылғандай, қоғамның өзінен табиғи түрде пісіп-жетіліп шығуы керек. Сондықтан біз қай мәселеде де науқаншылдыққа салынбауды жақтаймыз, өзгелер сөйтпей екен деп сол күйінде қайталай салуды қолдаймыз.

Биліктің іс-өрекетін халықтың бақылау мүмкіндігі артаындығы анық. Бірақ біз мынаны айқын ұғынуымыз керек. Қазақстан – біртұтас, унитарлы мемлекет. Сондықтан оның бір орталықтан басқарылатындығына, ел тағдырына қатысты мәселелерде тәуелкелілік экспериментке бармайтындығымызға күмен болмаспын. Біз жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің жаңа сатысына өтуді, ең алдымен, жергілікті орындардың өз өкілеттілігін шенберінде дербес шешім қабылдауға үйренуі тұрғысынан жүргіземіз.

– Қазақстандағы тыныштықтың қадір-қасиетін өліміздегі өрбір өсті азаматы біледі, бағалайды. Ендігі жерде «Қазақстан-2030» Стратегиясында өң бірінші басымдық ұлттық қауіпсіздікке берілгендігін себебін жұрттың бәрі де айқын ұғынуға тиіс. Бұл жөнінде газет оқырмандарына не айтуға болар өді?

– Жаңа ғасыр, жаңа мыңжылдық келді. Заман өзгерді. Қоғам өзгерді.

Адам өзгерді. Жаңа ғасырдың бірінші жылында-ақ Америкада адам айтқусыз теракт жасалды. Мадридтегі, Мәскеудегі, Лондондағы сұмдықтар анау. Ақыр аяғы тып-тыныш деген Францияның өзінде аяқ астынан қандайлық толық болып өткені белгілі. Толқудың дүмпуі сонау Австралияға дейін жетті. Шүкіршілік, Қазақстан тыныш. Ол, ең алдымен, біздің өліміз халықтары татулығының, дәстүрлі достығының, мемлекетіміздегі саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісім саясатының арқасы. Жұрттың бәрін бірдей өділдікпен қарайтынмыздың арқасы. Бірақ, біздің өлімізде мына аумалы-текпелі дүниеде оңаша бір арал сияқты өмір сүре алмайтын да мәлім. Аралда отырғандардың да мына жаһандану үдерісінен сырт тұра алмайтыны өзінен-өзі түсінікті. Демек, қанша жерден көнілді жайландырсақ та мына өлемде болып жатқан сұмдықтар біздің өлімізде дәйім жаһап өте береді деп бейғам отырудың жөні жоқ.

Елдегі тыныштық, татулық, экономикалық, әлеуметтік реформалардың жемісті жүріуі өдіктерге ұнамауы да өбден мүмкін. Сондықтан да ұлттық қауіпсіздікті тәуелсіздіктің басты шарты деп санауымыз керек. Ал ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіретін күштер бар. Соның бірі – діни экстримизм. Теледидар арқылы жүргізілген тікелей хабарда мен бізге тетенді қатерлер туралы айта келіп, «Бейғам отыруға болмайды, қатер бар, ол жайында өлі-ақ естисіздер» деген өдім. Артынша кеп ұзамай біздің өлімізде «Орталық Азия моджехедегерінің жамағат ұйымы» дегеннің Қазақстандағы жасырын бөлімшесі жойылғаны ресми тұрда хабарланды. Бұл өрбір адамның өсіні жиғызатын жай. Біз, өрине, өлеуетті құрылымдарға тиісінше тапсырмалар беріп, қатан талап қойып отырамыз. Онымен өсті бітпейді бірақ. Ең алдымен, өдігі тыныштықтың қамын өрбір адамның ойлауы керек. Ең алдымен, мемлекет мүддесін кездейтін өдік мәніс бойға бітпесе, ұлттың игі жаксылығының басы қосылмай жатса, сырттан сүк кезін қадайтқындардың: «Е, мына өлі өзі де ішінен іріп, дайын тұр екен» – деп астыртын өрекетке, одан бара-бара ашық қимылға да баруы жағап емес.

(Жалғасы 3-бетте).

ЕЛ МЕЖЕСІ – ЕЛУАЛІК

-Дайындаған келесі сұрағымыз халықты кедейту мәселесі жөнінде еді. Сіз осыдан біраз уақыт бұрын Алматыда зиялы қауым өкілдерімен кездестіңіз. Ол кездесуге біздің де шақырылған жайымыз бар. Кейін баспасөзде пікір білдіргенде көтерілген мәселелердің арасында ел халқының санын 2015 жылға дейін 20 миллионға жеткізудің жайы онша нақтырақ қозғалмады дегенді айтуды артық көрмедік. Осы мәселеде билік құрылымдарына нақты тапсырмалар, заңдық тұрғыдан нақты шешімдер, қаржылық тұрғыдан нақты қолдау өлі де аздау сияқты көрінеді. Бұл жайында не айтар едіңіз?

-Сан сапаға айналмай қоймайды. Бұл басы ашық ақиқат. Демография қазір бүкіл өркениетті адамзатты алаңдатып отырған проблема. Жылдан - жылға қартайып бара жатқан мемлекеттер ете көп. Мына Ресейдің өзінде туудан өлім едәуір артып кеткеніне, сөйтіп халықтың азая бастағанына біраз жыл болды. Бізде де халықтың қартаю үдерісі байқалады деп жүргендер бар. Бала туу деңгейі ана бір жылдары едәуір төмендеп, елдің жағдайы біршама түзеле бастағалы бері қайтадан дұрыстала түсті десек те, өлі көңілден шықпайды. Халық саны - экономикалық қана емес, философиялық та категория. Осыншалық қиыншылықпен мемлекет құрған соң сол мемлекеттің ырыс - несібесін отандастарының неғұрлым кебірек көргені керек қой. Бұл мәселенің бір жағы. Екінші жағы да бар. Ол Қазақстанның өз ерекшелігіне байланысты. Мұншалықты алып мемлекеттегі ғаламат ауқымды жұмысты 15 млн адам атқара алмайтыны анық. Егер біз халық санын өсіру мәселесін шешсек: онда жылдардың жылы болғанда сырттан жұмыс күшін бері - бір шақыруға тура келеді. Мысалы, Біріккен Араб Әмірліктерінде 3,5 млн адам бар, соның өз халқы тек 1,2 млн адам. Қазірдің өзінде біз де шақырып жатырмыз. Олардың, мысалы, Швейцарияға таңғы пойызбен келіп кешкі пойызбен қайтып отыратын француз, неміс, итальян гастарбайтерлеріндей болмайтыны белгілі. Сондықтан біз өз жеріміздің қызығын өзіміз көрудің, өз байлығымызды өзіміз игерудің қамын қатты қарастыруымыз керек. Осы тұрғыдан мен жаңа туған нәрестені күтіп- бағуға бөлінетін жәрдемақыны бұрынғыдай бір жолы

емес, бір жылғы ету жөнінде шешім қабылдадық. Мұның өзі демографиялық ахуалға өз әсерін тигізуге тиіс. Мемлекеттің жағдайы жақсара түскен сайын аналарға жасалатын қамқорлық та кебіне беретін болады. Ал енді мұның бәрін бірдей Үкімет шешпейді ғой. Бұл мәселедегі негізгі нәрсе - халқымыздың өзінің балажандылық дестүрі. Осыдан тарылмау керек. Пейілді тартылмау керек. «Бір қозы туса бір түл жусан қоса шығады» деген қой халқымыз. Әр баланың өз несібесі болады.

- Біздің газетте «Ардақты ана» құрметті атағын берудің тәртібін қайта қарау жөнінде кеп балалы аналардың хаттары, олардың ұсынысын қолдаған көптеген оқырмандар пікірлері жарияланды. Олардың біразы «Ел және Елбасы» деген тақырыптық беттерге де берілді. Атап айтқанда, ол пікірлердің түзілісін қазіргі уақытта жеті баланы жеткізудің өзі оңай емес, сондықтан «Алтын алқа» беру үшін қазіргідей он бала туып, өсіру міндетті шарт болмаса, бұл атақ жеті балалы аналарға да берілетін етіп белгіленсе, ал алты балалы аналарға «Күміс алқа» берілсе дегенге саяды.

- Бұл Президент Жарлығымен шешілетін мәселе емес. Оны реттейтін заң бар. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» деп аталады. Бұл ұсынысты Үкімет және - жақты қарасын. Мен тапсырма берейін. Егер қажет деп табылса, жеңілдікті жасауға жағдай келіп жатса, жаңағы заңға тиісінше өзгертулер енгізілуі мүмкін.

- Тәуелсіздік мөркемесіне орай қабылдауда Сіз осы жылдардағы жетістіктерді атағанда өңіріміз шекарадан бастап едіңіз. «Ең алдымен, ашық - ашық жатқан шекарамызды айқындап, оны мызғымастай етіп халықаралық құжаттармен бекіттік», дедіңіз. Өткен жылдың тынған ірі ісі - Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының мемлекеттік шекарасы туралы Шарт. Оның екі ел Парламенттері тарапынан бір күнде талқыланып, бір күнде бекітілгені де тамаша шешім болып шықты. Осы жайында айтқып өтсеңіз.

- Қай заманда, қай қоғамда да шекара

мәселесі - аса маңызды мәселе. Мемлекеттік шекара - тәуелсіздіктің белгілерінің бірі. Ел мен елді табыстыратын да шекара, тартыстыратын да шекара. Достық та осы жерде көрінеді, қастық та осы жерде көрінеді. Ел жақындығы болмаса жер жақындығының жақсылығынан гөрі жамандығы басым түспек. Қазақстан Ресей шекарасы - Достық пен сенім шекарасы. Біздің халықтарымызды тарих табыстырған, тағдыр тоғыстырған. Орыс пен қазақтың аралас - құраластығы тарихтың небір терең қойнауларынан тамыр тартып жатыр. Бұл достықтың уақыт сынынан өткенін, екі елдің де түпкілікті мүдделеріне сай келетінін, әсіресе, біздің мемлекеттеріміздің тәуелсіз даму жылдарындағы тарихи тамаша танытып берді. Бұрынғыдай бір орталықтан басқарылып, өзара қарым - қатынастардың бәрі реттеліп, ұйымдастырылып тұрмайтын кезде, бір-бірімізбен тығыз араласуға ешкім де міндеттейтін кезде бізді мүдде ортақтастығы табыстырды. Сондықтан да Мәскеуде қол қойылған, әлемдегі ең ұзақ шекараны делимитациялаған Шарт біздің мемлекеттік тәуелсіздігімізді бекіте түскен аса маңызды құжат деуіміз керек. Оның мән-маңызы тарих кеші алға жылжыған сайын айқындала беретін болады. Балаларымыздың балаларының балалары ұлы Ресеймен мемлекеттік шекарамыз үшінші мыңжылдықтың жиырма бірінші ғасырдың басында түпкілікті бекітілгеніне разылықты еске алып жүретін болады. Оның алдында ұлы көршіміз Қытаймен, Өзбекстанмен, Қырғыстанмен мемлекеттік шекараларымыз айқындалып біткен еді. Бұл - тәуелсіздігімізді тұғырлы ету жөніндегі ең іргелі іс аяқталды деген сөз. Жалпы, заңдық тұрғыдан қарасақ, мемлекеттік шекаралары толық делимитацияланып бітпеген ел толық мағынасында егемен, тәуелсіз мемлекет саналмайды. Қазақстан сол шаруаны - Тәуелсіздікті басты шарттарының бірін орындады. Абыройлы орындады. Бұл - тарихи белес. Ұрпақтарымыз енді халықаралық құжаттармен шегенделген шекараның аумағында, алаңсыз өмір сүріп, еңбек ететін болады. Елдікті еңселенетін осы ұлы шаруаны бастау, басы - қасында болу, сәтімен бітіру бақыты менің маңдайыма бұйырғаны үшін тағдырыма мың мәрте тәубе деймін, ел тағдыры айқ-

ындалатын осындай сын кезеңде мемлекетті бақсқаруды сеніп тапсырған айналайын халқыма ақ алғысымды айтамын.

Ал енді аңгімені түйіндейік. Алдымызда асқар асулар тұр. Оның бәрінен біз бірлесіп асуымыз керек. Біз ойға алғанның бәрін халықпен бірге, халықтың күшімен ғана атқара аламыз.

Мемлекет деген, ең алдымен, адамдар. Мемлекет бәсеке қабілетті болу үшін адамдар, яғни бүкіл ұлт бәсекеге қабілетті болу керек. Ол үшін әрбір адам өзін-өзі қамшылауы керек. Мына бей-маза дүниеде тіршілігімізді, бір ғана берілетін өмірді қайтсем менің өткіземін деп, балаларымыздың, жақын жандарымыздың өмірін қайтсем дәулетті, сәулетті етемін деп жанын жөуі керек. Сонда ғана мемлекет те еседі, өнеді, өркендейді.

Мұнан біраз жыл бұрын Қазақстан егемен ел ретінде қалыптасу белесінен өтті, ер-тұрманымыз бүтінделді, енді қазақ атқа қонады, көп ұзамай әлемдік додаға қосылады деген өдім. Сол айтқаным келген жоқ па? Келді ғой. Сол тілекті құдай берген жоқ па? Берді ғой. Мен, енді Қазақстан тұлпары өлемдік бәйгеге қосылды. Қосылғанына көп болмаса да арғымағымыз арындап алға түсіп барады. Біздің ұранымыз: Қазақстан - тек қана алға!

- Аса Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы! Осына уақытыңызды бөліп, сұрақтарымыздың алдын ала жоспарланғандарына да, өңгіме барысында туындағандарына да егжей-тегжейлі жауап қайтарғаныңыз үшін үлкен алғыс айтамыз. Өзіңіз бастаған елмен бірге керетін қызығыңыз кеп болсын!

-Бүгінгі мүмкіндікті пайдаланып, еліміздің бас газеті - «Егемен Қазақстан» шығармашылық ұжымы және 100 мыңнан астам оқырмандарын Наурыз мерекесімен құттықтаймын. Әрдайым тек жақсылыққа жүзделуге жазсың.

Сұхбаттасқан
Сауытбек Абдрахманов,
«Егемен Қазақстан», №62,
21.03.2006 жыл.

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ - ХАЛЫҚ ҚОЛДАУЫ

НҰРАДАҒЫ СЕНАТОРМЕН ӨТКЕН ЖЫЛЫ ЖҮЗДЕСУ

Сәуірдің мамыражай күні ертемен нұрын шашып, жер-өлемге жан бітіріп, жаңа тыныс өкелген көгілдір көктемнің жансаңды қытықтаған жайма шуағымен әсемдік әлеміне баурап әкеткендей. Әйтеуір, аудандық әкімдікке асыққандар жүзінен тап осындай жылылық әсерін алмау мүмкін емес еді. Бәлкім бәз біреулерді мұндай суреттеме күлкіге буып, артық та көрінер. Әлбетте аудандық әкімдік ғимараты алдына топтасқан Мәслихат депутаттары мен Қараталдағы мекеме-ұйым басшыларының бір-бірімен сағына қауышуы да айтқанымызды бекіте түскендей болды. Ал, Ахмет ауылынан келген депутат Қайролла Қалиевтың: "Баяғыда Жоғарғы кеңес депутатын қалай қарсы алушы едік? Дәстүрді бұзбайық, ағайын-мұны қазір іскер кездесу десе де, ең жоғары Заң шығарушы орынан арнайы ашық өңгімеге тартынбай келген Ю.Кубайчук мың да бір рахмет", -деуі шегелі түсті. Сонымен көктемнің шуақты күнімен нұрланған қараталдықтар қуанышы Сенатормен кездесуден ұласты.

Қазақстан Республикасы Парламенті сенатының депутаты Ю.Кубайчук былтыр да астықты өңірге ат басын арнайы тірегені бар. Онда да өтпелі және болашаққа ой салған өміршең еткір мәселелер көтерілген-тін. Сол жолғы жүздесу бүгінгі ашық өңгімеде жалғасын тапты.

Кездесуді қысқаша кіріспе сөзбен ашқан аудандық Мәслихаттың хатшысы Топархан Рақымбеков, оған жергілікті депутаттар мен аудан орталығындағы мекеме-ұйымдардың басшылары және аудан әкімі Д.Құсайыновтың қатынасып отырғанын жеткізіп, алғашқы сөз кезегін Юрий Алексеевич берді.

- Құрметті әріптестер, - деп бастады сенатор сөзін, - біріншіден сіздерге не үшін асыққанымды түсіндіре кетейін. Өрине, сөзінесіздер, өйткені "Президент Жолдауы - халық қолдауы" десе артық емес. Бүгінгі таңда оны қызу қолдап, терең талқылау ұлан-ғайыр еліміздің түкпір-түкпірінде кең құлаш ұрған. Өздеріңізде де тап осылай екеніне күмәншім жоқ. Дей тұра, осына әлемді елең еткізген орны бөлек Жолдау іздерімен тағы да бір сіздердің қызу қатынасуыңызбен жүріп өтсек, артық болмас деймін. Және бір анықтал алғым келетіні ол, Президенттің наурыз Жолдауының түп қазығы, басты бағыт, терең мазмұны оның жеті басымызды кең ашылған жүрекке ұялата жеткізілген. Мінекей, рұхсат десеңіздер, осы жеті басмдық арқылы Елбасы Жолдауын тағы бір саралап өтейік.

Заңға терең тыныштық орнады. Сенатор айтса айтқандай отырғандардың дені Жолдауды жатқа біледі дерлік. Сөбебі өздері де аудандық идеологиялық топтың не жетекшісі, не мүшесі. Сөйте тұра

Ю.Кубайчуктың түсіндірмесін жылы ықыласпен тебірене қабылдап отырды. Әлбетте соңында қойылған сауалдар да аз болмады. Соның біреуі тұстарын аша кетейік.

Дауылбай Құсайынов - аудан әкімі: - Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі қашан қалыптасып, ол туралы заң шығарылып бекітіледі?

Ю.Кубайчук: - Өздеріңіз жақсы білесіздер, бұл төңіректің дау-дамай тым созылып кетті. Өйтсе деп ат биыл нүкте қойылуына күмән жоқ. Өйткені бұл Заң жөнінде Елбасы өз Жолдауында ерекше қадай айтты. Бүгінгі таңда арнайы жұмыс тобы жер-жерде болып тиісті құжаттар жинауда. Айта кетуім керек, мәселенің мәселесі ол, ақшада жатыр, жергілікті бюджет болуы тиіс. Қысқасы, осындай-осындай кесел тұстарды анықтап, жұмыс тобы Президентке дер уақытында міндетті түрде ұсынады деп ойлаймын.

Бұдан соң өңгіме төркіні тіршілігі түйткүлдеріне бет бұрды. Өрине, есік қағып келіп тұрған көктемгі дала жұмыстары қарсаңында астықты өңір тауар өндірушілерінің басын қатырып отырған өткір мәселелер аз емес: жанар-жағар май, тұқым т.т. Бірақ, қызу өңгіме міндетті сақтандыру төңірегінде өрбіді. Оған май құйып қоздырған «Шахтер» ЖШС директоры болды.

Георгий Прокоп: -2004 жылы қабылданған Заң бір қақпаға доп ұрады. Өйткені ашық біржақтылық басым. Содан да шаруа қожалықтары, тіптен ірі шаруашылықтар одан тек көрне-кез запа шөгеді, шығынға морлайды. Мысалы, «Шахтерді» алсақ, біз 46 миллион теңге сақтандыру өтеміні салуымыз керек екен - жер көлемімен айттып отырмын. Ал, егерде фирманың шығынға қайтарымы бола қалса - 4,5 миллион теңге бөреді екен. Жалпы алғанда міндетті сақтандыру төлемі, мемлекеттік салық келемінен кеп артық. Бұл барып тұрған қанау бейшара шаруаларды. Және заңның заңсыздыққа ашық қайшы келетіні ол, жер жеке меншік емес пе?

Бекет Қосшығұлов - аудан әкімінің бірінші орынбасары: - Қандай да болмасын заңның түпкілікті мақсаты мүдделілікке саяды емес пе? Ал міндетті сақтандыруда ол түбегейлі керісінші. Мұны бұдан былайғыда бос талқыға салмай, бір ғана нәрсені анықтауымыз абзал. Ол жерге кім қожа? Өрине, мұны қазір бәрі біледі. Ендеше, сақтандыру орындары қандай да талап қоймасын, заңда міндетті емес, ерікті деген сөз ғана жазылуы тиіс.

- Мен қысқаша ғана жауап беру-ге тырысайын, деді Юрий Алексеевич. Заңның шікі екендігіне көзінің қаныққанын жасырмай. - Нұра ауданы бойынша 27,2 мың гектар егін былтыр жарамсыз табылған, мүлдем шықпай қалған. Осының 85,7 пайызы «Транс Ойл» арқылы сақтандырылған. Әлбетте текке төлеген ақшасын өндіріп алу үшін

тек «Қайрат», «Байтуған», «Сураев» және «Жартас» төрт шаруашылық қана соттасқан - кескізіп алған. Қалғандары кімдер? - олар да заңдасулары керек.

Бүгінгі таңда арнайы жұмыс тобы қызу іс үстінде. Олар міндетті сақтандыру Заңының олқы жағын жан-жақты саралап, көктемгі егіс басталғанша өзгертіп - толықтырған Заң шығаруға бар құжатты бекіткізуге міндетті. Сіздермен өзімде келісем: Заңда қандай талап қойылғанмен, жер иесі кім екенін ұмытпаған абзал.

Келесі қызу талқыға түскен мәселе жол мен ауыз су болды. Бастапқы мәтінін жүрекке ұялата жеткізген аудандық Мәслихаттың депутаты Нұрлан Сүлейменов десе, оны көшпелі кеткендер де аз емес.

Нұрлан Сүлейменов: - Қазіргі «Астана-Киевка-Теміртау» бағытындағы күре жолдың басымы әбден тозған. Бұған тек күрделі жөндеу жұмысы қажет. Ал ол үлкен шығынды, яғни қаржыны талап етеді. Және де бұл жол біздің ауданды ғана қосып тұрған жоқ. Сондықтан бұл мәселені асқындыра бермей жедел шешкен дұрыс. Менің түсінігімше қазіргі таңда біз алмайтын белес жоқ. Тіптен Дәуле банкін айтпағанда қорымыз бар және ол күрделі деңгейге көтерілді. Әсіресе таза су дегенде «осының игілігін бүгінгі ұрпақ неге көрмесек» деп те ойлап қаласың. Бұл мәселелер ете күрделі де, бірақ халықтың күнделікті көкейінде, аңсап күткен асқақ армандарының бірі, - деп өсетпеймін.

Дауылбай Мейрамулы: - Юрий Алексеевич, жол дегенде, әсіресе Астана бағытында, Ахмет ауылынан әрі, Ақмола облысы басталар жерде жолдың иесісіз бөлігі бар. Міне, осыны Целиноград ауданымен бірнеше келісіп, екі жақ боп бірігіп жөндеудің шешімін таба алмай қойдық. Ал жолдың асфальт қыртысынан тұқ қалған жоқ.

Сауалдарды қорыта келе Ю.Кубайчук баршаға ұнаған ұсыныс жасады. Сөйтсе оны әкімдікте алдын ала ескеріп, дайындап та қойған боп шықты.

- Күрделі-күрделі мәселелеріңізді менің атыма жазбаша түсірсеніздер жөн болар еді. Өйткені сол негізде Астанаға барған соң жұмыс жасауымыз керек, - деген сенатор өзіне қолма-қол дайын құжатты ұсынғанда, разы болғандығы соншалық. - «Бөрежелді» деп дауыстап жіберді. Өте жылы өткен жүздесуді аудандық Мәслихат хатшысы Топархан Рақымбеков мерейлі күйде тұжырымдап Ю.Кубайчукке бүкіл астықты Нұра -Төңіз өңірі тұрғындары атынан алғысын білдіріп, оған мықты денсаулық пен заң шығарушылық барысына шабыт пен табыс тіледі.

Боташ БЕКМАҒАМБЕТОВ,
Қаратал кенті.

АБАЙ АТАМЫЗДЫҢ ТУҒАНЫНА - 160 ЖЫЛ



Биыл ұлы ақын, аудармашы, философ, композитор Абай атамыздың туғанына 160 жыл болды. Соған орай 5 сыныпта ашық тәрбие сағаты болып, онда Абай атамыздың өлеңдері, өмірбаяны, әндері айтылды. Тәрбие сағатын Қаржасова Салтанат Мұхамбетшәріпқызы Ш. Құдайбердіұлының «Жастарға» деген өлеңімен бастап берді.

Тәрбие сағатының кездеген мақсаты - оқушыларды адамгершілікке, әділдікке, ақылдылыққа, Абайтануға баулу. Кеш Абай атамыздың «Желсіз түнде жарық ай» әнімен басталды. Тәрбие сағаты сайыс түрінде өтті. I - бөлімде сұрақ жазылған қағазды кезекпен алып жауап берді. Бұл бөлімде Абайдың шын есімі кім, әжесінің, шешесінің аты кім, қандай өлеңдері мен әндері бар т.б. сұрақтар қойылды. Екі топ та шамасы келгенше жауап берді, бірақ бірінші яғни «Білімділер» тобы басым болды. Екінші бөлімде атамыздың өлеңдерін оқып, оның қандай мағынада екенін түсіндіру керек еді.

Екі топ та жақсы дайындалған. Оқушылар өлеңді жақсы, нақышпен келтіре оқыды. «Әсемпаз болма өрнеге», «Ғылым талпай мақтанба», «Өлең сөздің патшасы», «Интернатта оқып жүр», «Білімдіден шыққан сөз» т.б. өлеңдерін оқып атамыздың: «Керсе қызар болма, дүниеде өз орныңды тап, уақытыңды өткізіп алма, дұшпаның мен досыңды айыра біл, жел сөзге ерме, етірік айтпа, сез қадірін түсіне біл», - деген нақылдарды айтты.

Бастапқыдай «Білімділер» басым болды. Олар: Сейіткерей Қанат, Доскеев Әлібек, Сейітқазы Индира, Абдақимов Еркебұлан, Игібаев Еркеболат. Ал «Ақылдылар» тобында: Байманов Айдоус, Амантай Өйгерім, Ильясова Аяулым, Пішенбаев Ержанболды. Балалар Абай өсиетін жете түсінуі, нақыл сөздерін жатқа білуі бізге жақсы әсер қалдырды. Үшінші бөлімде нақыл сөздерінің басы оқылады, соны 2 топ кезекпен аяқтап отыру керек. Балалар « Жасанды кішіпейілділік - жақсы қасиет емес»,

«Ұстаздық еткен жалықпас үйретуге балаға», «Өлең сөздің патшасы сөз сарасы», «Досы келген сыйлас, досы жоқпен сырлас» т.б. сөздерді жақсы айтып берді. Бұл бөлімде де «Білімділер» тобы алда болды. Төртінші бөлімде сайыскерлер Абай атамыздың қара сөзі немесе өлеңнен көрініс қою керек болды.

«Білімділер» тобы 17- қарасөзден көрініс қойса, «Ақылдылар» тобы Абай атамыздың И. Крыловтан аударған «Құмырдың мен шегірткені» көрініске алды. I топ көрінісінде ақыл, қайрат, білім, сөзінде адамның жүрексіз өмір сүре алмайтыны айтылған. Ақыл, қайрат, жүрек басын қосатын білім екендігін, адамның білімсіз өмір сүре алмайтынын айтып, сондықтан білім алуға шақырады. Екінші топ көрінісінде жалқау болмауды, еңбек етіп, қыс азығын, жазда ойлау керектігін айтты. Оқушыларды еңбек етуге шақырды. Бесінші бөлімде тақтаға екі қағаз ілінді. Қағазда сағаттың тілінің айналышы секілді әріптер жазылған сол әріптерден Абай атамыздың нақыл сөзін құрастыру керек. «Білімділер» тобы «Ғылым талпай мақтанба», «Ақылдылар» тобы «Достық достыққа шақырады» деп тапты. Кештің соңына қарай тәрбие менгерушісі Серікова Бибігүл балаларға азған-тай сыйлық тапсырып жемген «Білімділер» тобын құттықтады. Балалар сұрақтарға жауап беруге барын салды, өлеңдерді де жақсы айтуға, мағыналарын жақсы айтуға тырысты. Кеш Абай атамыздың «Көзімнің қарасы» әнімен аяқталды. Абайдың қайбір өлеңін, шығармасын оқысақ та, төлім-тәрбиеге тұнып тұрғанына көзіміз жетті.

Қалымбай Жадыра, Төлеген Дана, Ильясова Балжан, С. Сейітфуллин атындағы орта мектептің «Мөлдір бұлақ» үйірмесінің мүшелері.

Суретте: 5 сынып оқушылары, ортада Қаржасова Салтанат Мұхамбетшәріпқызы.